пен үлкен еңбектің, төзімділіктің керектігін Абай өз туындыларында кеңінен түсіндіріл-ген. „Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге" - деп айтқан ақын талпыныс пен еңбекті оқу-біліммен ұштастырады.

„Шын хакім, сөзің асыл - баға жетпес,

Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес" - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай арада екі ғасыр жуық уақыт өтсе де, Абай мұрасы өз маңызын жоғалтқан жоқ. Әлі күнге дейін оның терең мағыналы туындылары халық арасында насихатта-лып келеді. Әсіресе, әртүрлі ғылым саласын меңгеруді қажет ететін бүгінгі жаһандану заманында Абайдың білім, ғылым туралы ойларының мәні зор.

Қорыта келгенде, Абылай хан айтқандай: „Білекке сенген заманда

Ешкімге есе бермедік.

Білімге сенер заманда

Қапы қалып жүрмейік" - деп, Абай өлеңдерімен сусындап, білім қуып, талмай еңбек етсек, бәсекелестік қайнап тұрған заманда „мықты" жеңетінімізге сенімдімін.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ